

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

*Қазақсанның табиғат зоналарына жалпы сипаттама.
Қазақстанның ерекше қорғалатын аймақтары
(қорықтар мен қорықша, ұлттық саябақтар)*

Орындаған: Жетен Аяулы
Қадеров Айымбек
(Метеорология 4 топ)

Тексерген: Ақашева Әтіркүл
Сапарбекқызы

Алматы 2016

Жоспар:

1. КІРІСПЕ	4
2. Қазақстанның табиғат зоналарына сипаттама	5
2.1. Орманды дала зонасы.....	7
2.2. Дала зонасы.....	9
2.3. Шөлейт зонасы.....	11
2.4. Шөл зонасы.....	13
3. Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтары.....	16
3.1. Ақсу-Жабағалы қорығы	18
3.2. Наурызым қорығы.....	19
3.3. Алматы қорығы.....	20
3.4. Барсакелмес қорығы.....	21
3.5. Қорғалжың қорығы.....	22
3.6. Марқакөл қорығы.....	23
3.7. Үстірт қорығы	24
3.8. Батыс Алтай қорығы	25
3.9. Алакөл қорығы.....	26
3.10. Қаратау қорығы.....	27

4. Ұлттық саябақтар.....	28
4.1. Баянауыл ұлттық саябағы	29
4.2. Іле Алатауы саябағы.....	30
4.3. Қарқаралы ұлттық саябағы.....	31
4.4. Алтынемел табиғи саябағы.....	32
4.5. Көкшетау саябағы	33
5. Қорытынды	34
6. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	35



КІРІСПЕ

Табиғат зоналары - Табиғат зоналарын ең негізгі сыртқы факторлар қалыптастырады. Олар көп жағдайда күн жылуының таралуына (яғни географиялық ендікке) тәуелді. Тағы бір фактор - аумақтың ылғалдылығының әртүрлілігі. Жылу мен ылғалдың арақатынасы нәтижесінде әр түрлі табиғи зоналар пайда болады. Мәселен, аумаққа күн жылуы көп түссе, оның біраз ылғалдылығы жеткіліксіз ($K=0,3$) болса, онда шөлді аймақтар пайда болады.

Әрбір зона өзіне тән климатымен, топырағымен, өсімдік және жануарлар дүниесімен ерекшеленеді. Кейде бір зонаның ішінде басқа зоналарға ұқсас жеке үлескілер де кездеседі.

Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы заң 1997 және 2006 жылдары қабылданды. Мұндай Республикалық маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ұйымдастырылу мақсаттарына және табиғат қорғау ережелеріне сәйкес бірнеше топқа бөлінеді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға биосфералық қорықтар, мемлекеттік табиғи қорықтар, мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар, қорықтық аймақтар, қорықшалар және т.б.

табиғи нысандар жатады. Соңғы деректер бойынша дүние жүзінің 100-ден астам ірі мемлекеттерінде 1000-нан астам ерекше қорғалатын табиғи аумақтар ұйымдастырылған.


Мұндай аумақтардың жалпы көлемі 230 млн га жерді алып жатыр. Бұл жер бетіндегі құрлықтың 1,6%-на тең.

Қазақсанның табиғат зоналарына жалпы сипаттама.

Қазақстанның жазық бөлігінде солтүстіктен оңтүстікке қарай бірте-бірте орманды дала, дала, шөлейт және шөл зоналары ауысып отырады. Сонымен бірге бұл зоналарда топырақ және өсімдік жамылғысы батыстан шығысқа қарай да өзгереді. Оның себебі осы бағытта климаттың континенттігі артады. Республиканың биік таулы аудандарында зоналар биіктікке байланысты (зоналар немесе биіктік белдеулер) ауысып отырады.

Физика - географиялық зона мен аймақтар

	Орманды- дала		Шөлейт
	Дала		Шөл
	Қуаң дала		Таулы өңірлер




1. Шығыс-Еуропа
2. Солтүстік Қазақ жазығы
3. Тұран ойпаты
4. Орал тауы
5. Сарыарқа
6. Алтай-Саян
7. Жоңғар Алатауы
8. Сауыр-Тарбағатай
9. Тянь-Шань

Орманды дала зонасы



Қазақстан жеріне орманды дала зонасының тек оңтүстік шеті сүйірленіп кіреді. Жазық далада шоқ-шоқ болып ормандар өседі. Қазақстанның **орманды дала зонасы** Батыс Сібір жазығы мен Жалпы Сырт қыратының аз ғана бөлігін алып жатыр. Жалпы көлемі 1 млн га Қазақстан аумағының 0,4%. Орманды дала зонасының жер беті тегіс. Онда шағын ойпаттар кездеседі, бұлардың кейбіреулерін көл алып жатыр.



Табиғат зонасы	Климаттық жағдайлар	Өсімдіктері	Жануарлары	Топырақ жабындылары
<p><u>Орманды дала</u> (республиканың жер көлемінің 0,4%-ын алып жатыр)</p>	<p>Жазғы шілде +18 - +20° қаңтардың орташа температурасы -17°- 19° кейде -51°-53°. жауын-шашын 370-430 мм (300-350 мм) мөлшерінде</p>	<p>Бетеге, боз, бидайық, арпабас, қайың, қоңырбас, итқонақ, құлпынай, қарағай, қияқ, ебелек, жоңышқа, қоян шөптер. Ормандарында қайың, емен, жөке, қандыағаш, көктерек және қарағайлар бар.</p>	<p>Саршұнақ, сұртышқандар, егеуқұйрық, қосаяқтар, тышқандар, түлкі, елік, қасқыр, сусар, бұлан, тоқылдақ, көкек, күйкентай, қараторғай. Ормандарында тиін, құр, сұңқар. Көлдерінде тырна, үйрек, қаз, шағала, ондатр.</p>	<p>Орманның сұр топырағы, қара топырақ (қалыңдығы 75 см). Солтүстікте 9% шірінді, оңтүстікте 6% шірінді.</p>

Дала зонасы

Дала зонасы 77 млн га жерге тараған [Қазақстанның](#) біраз аумағын, дәлірек айтқанда, 27%-ынан астамын алып жатыр. Дала зонасы орманды дала зонасының оңтүстігінен басталып, батыстан шығысқа қарай 2200 км-ге созылған кең алқапты камтиды, шамамен 54°-50° с.е. аралығында орналасқан. Дала зонасына [Батыс Сібір жазығының](#) оңтүстік шеті, [Торғай](#) үстіртінің солтүстігі, [Мұғалжар тауы](#) түгелдей дерлік, Жалпы Сырт сілемдері, [Каспий](#) маңы ойпатының солтүстік жартысы, Орал етегі, Жем үстірті, [Сарыарқаның](#) солтүстігі мен орталық аудандары жатады.



Табиғат зонасы	Климаттық жағдайлар	Өсімдіктері	Жануарлары	Топырақ жабындылары
<p><u>Дала</u> (респуб ликаны ң жер көлемін ің 29%- ын алып жатыр)</p>	<p>Климаты континентті. Шілдеде +18°+23° кейде +20°+24°, қаңтарда -16°-тан -17°-қа дейін, -14° -18°, -16°- 18° абсолюттік минимум минус 40° жауын-шашын – 300 мм (220-310 мм)</p>	<p>Боз, бетеге, атқонақ, ебелек, еркекшөп, жайшөп, жусан, итмұрын, меңдуана, жанаргүл, бидайық, арғаба, қияқ, құрақ, шайшөп, дәрілік валериандар.</p>	<p>Саршұнақ, қосаяқ, алақоржын, қасқыр, борсық, суыр, қарсақ, ақбөкен. Безгелдек, тырна, бозторғай бүркіт, батпақ құстары, қаз, шағала, үйрек, аққұтан, қызыл үйрек, сара ала қаз, аққу, дуадақ, торғай.</p>	<p>Қара және қызыл қоңыр; қою қызғылт кейде сортаң топырақты жерлер кездеседі. Топырағында 6% шірінді бар.</p>

Шөлейт зонасы

Шөлейттін климаты құрғақ, тым континентті. Тұрақты ағатын ең ірі өзендері Ойыл, Жем, Торғай, Сарысу, Аягөз. Шөлейт зонасында 3000-нан астам көл бар. Олардың көпшілігінің суы кермек немесе ащы болады.



Табиғат зонасы	Климаттық жағдайлар	Өсімдіктері	Жануарлары	Топырақ жабындылары
<p><u>Шөлейт</u> (республ иканың шамамен жер көлеміні ң 14%- ын алып жатыр)</p>	<p>Орташа температура шілдеде +22° +24° (кейде +40°-қа дейін) қаңтарда-15°-17° (кейде -50°) жауын-шашын мөлшері 180 мм-ден 300 мм-ге дейін</p>	<p>Бетеге, жусан түймедақ, боздан, изен, ебелек, теріскен, көкпек, ши қамыс, құрақ, тал, итмұрын, сексеуіл</p>	<p>Саршұнақ, қосаяқ, құм тышқаны, құм қояндары, күзен, түлкі, кесіртке, сұр жылан, ақбөкен, қарақұйрық, қалқан тұмсық, қара шұбар жылан. Құстар: бүркіт, бозторғай.</p>	<p>Ашық қара қоңыр, қызғылт-күрең, сор, сортаң. Топырағында 2-3% шірінді бар.</p>

Шөл зонасы



Шөл зонасы Каспий теңізі жағалауынан Тарбағатай тауының етегіне дейін созылады. Шөл зонасының жалпы көлемі 120 млн га, республика аумағының 44%-ына жуығын алады. Бұл зонада негізінен құмды және сазды шөлдер кең тараған. Тасты шөлдер Қазақстанға тән емес, бұлар тек шағын үлескілерде кездеседі.



Табиғат зонасы	Климаттық жағдайлар	Өсімдіктері	Жануарлары	Топырақ жабындылары
<p><u>Шөл</u> (республ ика жерінің шамамен 44%-ын алып жатыр) Жалпы жер көлемі 117 млн га.</p>	<p>Климаты өте континентті. Орташа температура шілдеде солтүстігінде +24° +26°C, оңтүстігінде +28° +30°C, жауын-шашын мөлшері 100-200мм.</p>	<p>Селеу, өлеңшөп, боз жусан, құм бетегесі, еркекшөп, қоңырбас, құм түймедағы, жантақ, жыңғыл т.б. бар.</p>	<p>Тасбақа, кірпі, кесіртке, оқжыландар, улы өрмекші, бүйі, сарышаян, қарақұрт, ақбөкен, қарақұйрық.</p>	<p>Сұр, сор, кей жерлерде қоңыр, ашық-қызғылт, сұр-қоңыр топырақ кездеседі. Топырағында 1,0-1,2% шірінді бар.</p>



Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аумақтары











Ерекше қорғалатын табиғи аумақ — ерекше қорғау режимі белгіленген мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілері бар жер, су объектілері және олардың үстіндегі әуе кеңістігінің учаскелері.

Ерекше қорғалатын аумақ — кеңістігінде бағалы табиғи немесе колдан жасалған (бағалы [экожүйе](#), [гейзерлер](#), бау- саябақ ескерткіштері, инженерлік құрылыстар, т.б.) немесе қоршаған ортаға қолайлы әсер ететін кеңістіктер ([орман жолағы](#), [көгерген аймақтар](#)), аумақтар, [акваториялар](#). Мұндай аумақтар тек заңмен ғана емес, арнайы бақылауда болып, адамдармен қорғалады.



ЕРЕКШЕ ҚОРҒАЛАТЫН ТАБИҒИ АУМАҚТАР



- | | | | | | | | |
|--|---------------|---|---------------------------|--|-----------------------|---|--------------------|
|  | ҰЛТЫҚ ПАРКТЕР |  | ҚОРЫҚ ҚОРЛАР |  | ҚОРҒАЛАТЫН БЕЛДЕМДЕР |  | БОТАНИКАЛЫҚ БАҚТАР |
|  | ҚОРЫҚТАР |  | ҚАУМАЛДАР
(ҚОРЫҚШАЛАР) |  | ТАБИҒАТ ЕСКЕРТКІШТЕРІ | | |

Ақсу-Жабағылы қорығы



1926 жылы ұйымдастырылды. Бұл - Қазақстандағы ертеден келе жатқан қорық. Қорық Оңтүстік Қазақстан облысының [Талас Алатауы](#) мен [Өгем жотасында](#) 131,9 мың гектар жерді алып жатыр. Қорық төрт биіктік белдеуді қамтиды. 1500 м биіктікке дейінгі төменгі белдеу өзіне тән өсімдіктері мен жануарлар дүниесі бар ла, 1500-2000 метр - даланың шалғынды, бұталы ағаш өсімдіктері өседі. Мұнда ағаш тәрізді [арша](#) (биіктігі 20 м аралығында), [бадам бұтасы](#), [жабайы жүзім](#), [жабайы алма](#) және басқа да оңтүстік өсімдіктері өседі. Жануарлардан мұнда [елік](#), [карақұйрық](#), [борсық](#), [бұғы](#), [кабан](#), ақ тырнақты және т.б. жануарлар кездеседі. 2000-2300 метр биіктікте субальпілі шалғыны жатыр. Бұл белдеуде төселіп өсетін түркістан аршасынан басқа ағаш өсімдіктері жоқ. Онда таутеке, [ілбіс](#), [суыр](#), [шақылдақтар](#), ал құстардан [ұлар](#), [кезеген торғай](#), [шауқарға](#), [қозықұмайлар](#) мекендейді. Қорықтың аумағында **өсімдіктердің 1404 түрі** бар, оның 47 түрі [Қазақстанның Қызыл кітабына](#) енген. **Құстардың 239 түрі**, бауырыменжорғалаушылардың **9 түрі** және сүтқоректілердің **51 түрі**, балықтың **2 түрі** бар екені есепке алынды. Сүтқоректілерден қорғауға алынған аса бағалысы [арқар](#), сібірдің [таутекесі](#), [бұғы](#), [елік](#), жыртқыштардан [ілбіс](#), [ала мысық](#), [борсық](#). Ең жоғарғы белдеу - **биік таулы қарлы және мұзды шындар**. Бұлардан аңғарларға құлап ағатын көбікті сарқырамалы тау өзендері басталады. Қорықтың [Қаратау](#) жотасы беткейлерінде палеонтологиялық филиалы бар. Бұл өңір *120 млн жыл бұрын теңіз түбі болған*. Қазір оның орнында әр түрлі сирек кездесетін балықтар мен былқылдақ денелілердің, [юра дәуіріндегі](#) өсімдіктердің таңбалары сақталған. Қорықтың бұл бөлігінің органикалық дүние эволюциясын зерттеу үшін ғылыми маңызы бар. Қазіргі таңда қорықтар мәселесі ауқымды. Нақтырақ айтсақ біз Қазақстан өркениетіне өз үлесімізді қосу үшін, ең алғаш ашылған қорықтарды дамытқанымыз жөн. Ақсу жабағылы қорығы ең алғаш ашылғандықтан ең алғашқы жұмысты осы жерлерден бастағанымыз абзал.

Наурызым қорығы

1934 жылы ұйымдастырылған. Бұл [Қостанай облысының](#) Наурызым ауданында орналасқан. Мұның аумағы **191,4 мың гектар** жерді алып жатыр. Қорықта көптеген көлдер бар, бетегелі тың дала корғауға алынып зерттелуде, бұл көлдердің жағасында бұрыннан шоқ-шоқ қарағай сақталып келген. Қорық көлеміне Наурызымдағы Қарағай мен Тірсек орманы да кіреді. Ең оңтүстіктегі сор топырақта қарағай сирек өскен. Қорықтағы сор топырақта алуан түрлі қайың ағаштар, тек Қиыр Шығыста ғана кездесетін [малиус боката](#) алмасының жабайы түрлері өседі. Табиғат жағдайының әртүрлілігіне байланысты, таяу жатқан аз ғана үлескінің өсімдігі мен жануарлар дүниесі әр алуан келеді. Мұнда даланы, орманды және суаттарды мекендейтін жануарлар кездеседі. Поляр фауналары мен флораларының өкілдері жылылықты сүйетін өсімдіктер және жануарлар сияқта жерсініп кеткен. Онда тұяқтылардан [қабан](#), [елік](#), кеміргіштерден [суырлар](#), ақ қояндар және жыртқыштардан [қарсақ](#), [түлкі](#), [борсық](#), [күзен](#), ақкіс кездеседі. Қорықта сүтқоректілердің 42 түрі, құстардың 60-тан астам түрі, балықтың 6 түрі, 687-ге жуық өсімдік түрі кездеседі. Аппақ қардай [аққулар](#), [шағалалар](#), [бірқазандар](#) мен [үйректер](#) қаптап жүреді



Алматы қорығы

1964 жылы құрылған. Аумағы **71,7 мың гектарға** жуық, әр түрлі ландшафт зоналарында жатыр. Бұған мәңгі қар мен мұз жамылған, беткейлері шөптер мен ағашқа бай [Іле Алатауы](#) мен жағасында құмды шөлі бар Іле өзенінің атақты «әнші тауы» [Аққұм-Қалқан](#) (биіктігі 100 м-ден асатын құм төбе) жатады. Көктеректі нудан тұратын жапырақты ормандар, долана, жабайы алма және өрік ағаштары 1800-2000 м биіктікке дейін көтеріледі. 2500 м биіктіктен жоғарыда Тянь-Шань шыршасынан тұратын шыршалы орман белдеуі орналасқан. Одан да жоғары, қарлы-мұзды белдеуде, субальпі және альпі шалғындары болады. Қорықтың жануарлар дүниесі алуан түрлі, мұнда 39 түрге жуық сүтқоректілер мен 200-ден астам құстардың, 965 өсімдік түрі бар. Шыршалы орманда [бұғы](#), [елік](#), [Тянь-Шань сілеусіні](#), [барыс](#), [борсық](#), [түлкі](#), [касқырлар](#) мекендейді. Орман шекараларындағы биік шыңдар мен құздарда [арқар](#) мен [таутеке](#) көп. Соңғы уақыттарда қорықта [тиін](#), [сасық күзен](#) өсірілетін болды. Қорықта құстардың ең көбі: [ұлар](#), [кекілік](#), [бұлдырық](#), Іле өзенінің бойындағы тоғайларда [қырғауылдар](#), тарғақтақшар мекендейді.



Барсакелмес қорығы

Арал теңізінің солтүстік-батыс бөлігіндегі өзі аттас шөлейтті аралда орналасқан. Қорық 1939 жылы ұйымдастырылған. Жалпы көлемі **160, 8 мың гектар**. Ондағы мақсат - жалпы табиғат кешенімен қатар саны азайып бара жатқан ақбөкен мен қарақұйрықты қорғау болды. Бұрын Аралда жоғары сатыдағы өсімдіктердің 257 түрі өссе, соңғы кезде олардың саны тіпті азайып, кейбіреулері жойылып кету қаупінде. Қорыққа шөлді аймаққа тіршілік етуге бейімделген жануарлар тән. Негізгі қорғалатын аңдар: ақбөкен, қарақұйрық және құлан. 1953-1964 жылдар аралығында 9 құлан Түрікменстанның Бадхыз қорығынан осында әкелініп жіберілген. Соңғы жылдары биологиялық жүргізілген сынақтардың салдары да Аралдың экологиялық жағдайын күрделендіріп, қорықтың біраз жануарларын көшіруге тура келді (мысалы, құланды).



Қорғалжын қорығы



1968 жылы құрылған. Қорық [Ақмола облысының](#) **259 мың гектар** жерін алып жатыр. Оған тың даланың (38 мың гектар) қол тимеген, түрен түспеген жерлері, сондай-ақ [Қорғалжын](#) және [Теңіз](#) (199 мың гектар) көлдері кіреді. Бұл жерлер дүниежүзілік маңызы бар су қоймасы мен жайылымдар тізіміне енгізілген. Қорықтың жануарлар дүниесі дала зонасына тән. Сүтқоректілердің 41 түрі, құстардың 299 түрі, балықтың 14 түрі, өсімдіктің 343 түрі кездеседі. Олар: [суыр](#), [дала алақоржыны](#), [су егеуқұйрығы](#), [қосаяқтар](#) және басқалар. Қорғалжын көлінің қамыс нуларында қабандар мекендейді. Құстың 120 түрі ұя салады. Көл жиегінің кара суларында үйрек, қаз және басқа суда жүзетін құстар сансыз көп. Теңіз көлінде мыңдаған қоқиқаз ұя салады. Бұл дүние жүзінде сирек кездесетін, ең солтүстікке ұя салатын құс. Қорғалжын көлдерінде үшкір тұмсықты сұқсыр мекендейді, ол балапандарын суда қалқып жүзіп жүрген ұяда басады. Содан кейін балапандарды ұзақ уақыт аркасына салып жүзеді, тіпті олармен бірге суға да сүнгиді. Теңіз-Қорғалжын көлдеріне көктем кезінде көптеген су құстары жиналады. Осының аркасында бұл қорық дүние жүзіне әйгілі болып отыр. Ол ЮНЕСКО-ның тізіміне ерекше қорғалатын батпақты-шөлді [ландшафт](#) ретінде енген. Қорықта суда жүзетін құстардың тіршілігін зерттеу жөнінде үлкен ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, мұражайлар, хайуанаттар бағына арналған материалдар жинастырылады.

Марқакөл қорығы

1976 жылы құрылған. Қорық солтүстігінде Қазақстан Алтайының Күршім жотасы мен оңтүстігінде теңіз деңгейінен 1447 м биіктіктегі Азутау жотасы аралығындағы аса әсем Марқакөл шегінде орналасқан. Қорықтың жалпы ауданы **75 мың гектар, оның 44 мыңын көл айдыны** құрайды. Өкінішке орай, шығысында 1,5 мың гектар жер көлдің аса маңызды бөлігі бола тұрса да, қорыққа енбеген. Қорық ауданындағы климат қатаң континентті. Мұндағы Қазақстан аумағы үшін ең төмен қаңтардың орташа температурасы -26° - -27°C , ал кейде аяз -55°C -қа дейін жетеді. Шілденің орташа температурасы 14° - 17°C , ең жоғарғысы 30°C -қа жетеді. Жауын-шашынның жылдық мөлшері 400 мм-ге жуық түседі. Көлге 27 кішігірім өзендер, жылғалар құяды, ал одан бір ғана өзен Ертістің оң саласы - Қалжыр ағып шығады. Дәрілік өсімдіктерден аралий мен «алтынтамыр» кездеседі. Қорықта сүтқоректілердің 39 түрі мекендейді, оның ішінде аю, сілеусін, бұғы, арқар, қасқыр және құстың 200-ге жуық түрі, оның ішінде қарақұтан, аққу, сукүзғындар, 5 түрлі балық кездеседі. Көлде балықтың бірнеше түрі: мөңке, майқан, талма, теңге бар. Бұлардың ішінде ең бағалысы мөңке, оның еті өте дәмді. Өсімдіктің 721 түрі кездеседі.



Үстірт қорығы



Республикадағы ең жас қорықтың бірі. Ол Манғыстау облысында 1984 жылы құрылды. Ауданы **223,3 мың гектар** республикадағы ең үлкен бұл қорық Үстірт жерінде орналасқан. Қорықта сүтқоректінің 227, құстың 11 түрі, өсімдіктің 261 түрі кездеседі. Климаты солтүстік шөл зонасына тән: жазы ыстық, ұзақ, қысы қатаң, жауын- шашын мөлшері тым аз (жылына 120 мм). Қорықты ұйымдастырудағы мақсат Қазақстандағы Қызыл кітапқа тіркелетін шөл зонасындағы 12 түрлі аң мен құстарды қорғау мен сақтау. Жануарлар арасынан қорғауға жататыны: жабайы қойдың ерекше түрі - үстірт муфлоны және қаракүйрық, ұзын тікенді кірпі, шұбар күзен, төрт жолақты қарашұбар жылан. Құстардан ұялайтыны: қарабауыр шіл, кекілік, ителгі, шөл кекілігі. Қорықтың аумағында бір кезде осы арада кеңінен тараған жыртқыш ірі мысық қабылан мен құланның санын қалпына келтіру белгіленді. Өсімдіктен қорғауға тұратын аса маңыздысы жұмсақ жемістік (қалдық және монотип бұталар), иіссіз катрана, үстірт таспасы. Ғалымдар шөлдің қатаң климат жағдайына бейім жануарлар мен өсімдіктің өмір сүруін зерттеу үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізбекші.

Батыс Алтай қорығы

1992 жылы құрылған, ауданы **56 мың гектар**. Қорық Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданында орналасқан. Алтай тау жүйесінің қазақстандық бөлігінің солтүстік-батыс жағын, Холзун, Көксу және Иванов жоталарын қамтиды. Батыс Алтайға тән өсімдік жамылғысының бірнеше типі (кылқан жапырақты ормандар, субальпі және альпі шалғындары) сақталған. Қорықта жоғары сатыдағы өсімдіктердің **564, жануар дүниесінің 161 түрі, құстардың 120, сүтқоректілердің 20, балықтың 5 түрі** кездеседі. Өсімдіктерден марал оты, алтын тамыр, жануарлардан бұлғын, аяу, күндыз, сусар, борша және т.б. сирек аңдар кездеседі.



Алакөл қорығы



1998 жылы құрылған. Ауданы **197,1 мың гектар**. Қорық Алматы облысындағы Алакөл ауданында орналасқан. Атыраулық сулы-батпақты ландшафтылары қорғалады. Құстардың 257 түрі (олардың 12-сі «Қызыл кітапқа» енген), өсімдіктердің 270 түрі, сүтқоректілердің 21 түрі, қосмекенділердің 2 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 3 түрі бар. Қорықтың негізгі мақсаты Алакөл жүйесіне енетін көлдерді мекендейтін су құстарын (акку, реликті шағала, каз, тырна және т.б.) қорғау.

Қаратау қорығы

2004 ж. құрылды. Көлемі 34,3 мың гектар. Қорық шөлді ландшафты зонаның қоңыржай белдеуіндегі таулы жерде орналасқан. Қорықты құру себебі - аймақтың эндемикалық өсімдіктерін сақтау үшін және Қаратау жотасы республикада саны бойынша көне жерортатеңіздік өсімдік элементтерінің таралу жағынан бірінші орын алуында. Қорықта 1500 өсімдік түрін, жануарлар дүниесінен омыртқалылардың 227 түрі, соның ішінде **сүтқоректілердің 42 түрі, құстардың 114 түрі, балықтың 3 түрі, қосмекенділердің 3 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 16 түрі** кездеседі. Қызыл кітапқа карақұйрық, арқар, қоныр тянь-шань аюы, қар барысы, тас сусары кірген. 114 құстың 80-і ұшатын оның 11 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енген.



Ұлттық саябақтар

Ұлттық саябақтар елімізде қорғалатын ландшафтылардың жаңа түрі. Олар әлі де толық өріс алып, дами қойған жоқ. Мұның қорықтардан айырмашылығы - туристер мен тынығушылардың кіріп көруіне рұқсат етіледі. Бірақ олардан табиғатты қорғау ретін сақтау талап етіледі.

Қазақстанда **5 саябақ** ұйымдастырылған.

Баянауыл ұлттық саябағы



Ол [1985](#) жылы [Павлодар облысындағы Баянауыл](#) орман шаруашылығының негізінде құрылған, ауданы 50,7 мың гектар. Саябақ аумағына енетін таулы-орманды ландшафтылары тамаша табиғат ерекшеліктерімен көзге түседі. [Қарағай](#), [қайың ормандары өскен](#), гранитті, үгіліп мүжілген Баянауыл таулары [Сарыарқаның](#) шөлейтті жазықтарында орналасқан. Мұнда құстардың 54 түрі, сүтқоректілердің 54, балықтың 8, өсімдіктің 438 түрі бар. Биік жері - [Ақбеттауы](#), биіктігі 1026 метр.

Табиғатының қолайлы жағдайына байланысты Баянауыл тауларын «шөлді даладағы таулы-орманды шұрат» деп атайды. Бұл аймақ жаппай демалыс пен туризмнің дамыған жері. Мұнда көптеген демалыс үйлері, емдеу мекемелер, туристік базалар орналасқан. Саябақта ұзақ уақыт үгілу әрекетінен қайталанбас жартас, шоқылар қалыптасқан. Олар сыртқы түріне орай [«Жалмауыз кемпір»](#), [«Найзатас»](#), [«Тас және Ат басы»](#) т.б. деп аталады.

Іле Алатауы саябағы

1996 жылы ұйымдастырылған. Ауданы **199,7 мың гектар**. Іле Алатауының солтүстік беткейінде Түрген шатқалынан бастап, батыста Қаскелең асуына дейінгі ерекше ландшафтыларды қорғау және демалыс, тынығу мақсатында пайдаланылады. Мұнда қорғауға **аңның 43 түрі, құстың 138 түрі, балықтың 8 түрі, өсімдіктің 1282 түрі** алынды.



Қарқаралы саябағы

1998 жылы құрылған.
Ауданы **90,3 мың гектар.**

Қарағанды
облысындағы Қарқаралы
ауданында орналасқан.
Қарқаралы жәнө Кент тау
жүйелерін қамтиды.

Осында
әйгілі Шайтанкөл орналасқа
н. Мұнда **аңның 39 түрі,**
күстың 55 түрі, балықтың
11 түрі, өсімдіктің 68
түрі қорғалады.



Алтынемел табиғи саябағы

1996 жылы Алматы облысының Кербұлақ, Панфилов аудандары жерінде орналасқан. Ауданы **161,1 мың** гектар. Алтынемел тауын қамтиды. Мұнда аңның 6 түрі (таутеке, қаракүйрық, құлан, қызыл қасқыр және т.б.), сонымен бірге құстың **231 түрі**, балықтың **30**, өсімдіктің **1800 түрі** қорғауға алынған.



Көкшетау саябағы

Ол 1996 жылы
ұйымдастырылған.

Ауданы **182,1**
мың гектар.

Мұнда аңның **305** түрі,
құстың **223**, балықтың
22 түрі, өсімдіктің **800**
түрі қорғауға алынған.



Қорытынды

Биосферадағы экожүйелердің бастапқы қалпын сақтап қалу және қорғау тірі организмдердің сан алуан түрлілігін сақтау мәселелерімен тығыз байланысты.

Қазіргі кезде Жер шарында адамның аяғы тимеген және іс-әрекетінің әсеріне ұшырамаған алқаптар жоқтың қасы.

Дегенмен де табиғаттың бастапқы табиғи қалпы сақталған немесе антропогендік факторлардың ықпалы онша байқала қоймаған экожүйелердің біраз бөлігін табиғи эталон ретінде сақтап қалудың маңызы зор. Өйткені мұндай аумақтар антропогендік факторлар көбірек ықпал еткен аймақтармен салыстыру үшін қажет. Халықаралық қабылданған ережелерге сәйкес әрбір мемлекеттің жалпы жер аумағының 10%-ы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәртебесін алуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- ✿ Ә. С. Бейсенова
Қазақстанның физикалық географиясы
- ✿ М. Қожахмет
Қазақстан Республикасының экономикалық және
әлеуметтік географиясы
- ✿ Ғаламтор парақшалары: <http://referatik.kz/>
<http://nplit.ru/>
<http://dic.academic.ru/>

**НАЗАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ !!!**

